

№9 «Балауса» бөбекжай-балабақшасы МҚКК

# «Шынықсаң шымыр боларсың» эстафеталық сайысы

«Балдырған» тобы

**Дайындағандар:**

Медбике: Нургалиева Г.

Топ тәрбиешісі: Досжанова А.

**Дене тәрбиесі нұсқаушысы : Құтжанова Н.**

2020-2021 оқу жылы

Бешікшіл  
Рыс

**Тақырыбы: «Шынықсаң шымыр боларсың» сайысы**

**Күні:** 26.11.2020ж

**Мақсаты:** Салауатты өмір салтын ұстануға баулу. **Спортқа егін** қызығушылығын арттыру.

**Міндеті:** Балаларға негізгі қимыл түрлерін меңгерту; Балалардың икемділігі мен ептіліктерін, шапшаңдылық қабілеттерін дамыту.

**Өтілетін орны:** Спорт алаңы.

**Көрнекілігі:** шарлар, кедергілер, гимнастикалық орындықтар, шеңберлер, шелек және жемістер, ысқырық

**Жүру барысы:** Құрметті тәрбиешілер және балалар, Бүгін сіздер мектеп алды даярлық «Балдырған» тобында өтетін **«Шынықсаң шымыр боларсың» эстафеталық сайысын** тамашалауға жиналып отырсыздар!

Сонымен сайысты бастауға рұқсат етіңіздер!

Қош келіпсіз, бүгінгі көрерменім

Жиналып отырсыздар топтардың өнерлерін

Сергітер деп ойлаймыз, бүгінгі кеш

Тамашалап отырсаңыз спорттық бөлімдерін.

- Сайысты бастамас бұрын, сайысымызға әділ баға беретін әділ - қазылар алқасымен танысайық. Әр кезең сайын әділ - қазылар өз бағасын береді.

Тәрбиеші	Адашова	Неризат
Тәрбиеші	Демесенова	Айсара

Салауатты өмір салтын сақтаңыз,  
Жаттығудан ешқашан да қашпаңыз.  
Бала бақша балалары  
Парасатты, айбынды,  
Болыңыз сіз сегіз қырлы, бір сырлы.

**Топпен танысу**

- **«Сұңқар»** тобы

**Топтың ұраны:** Спортпен достас, жалқаулықпен қоштас.

- **«Тұлпар»** тобы

**Топтың ұраны:** Спорт, спорт, спорт, денсаулыққа пайдалы.

- Құрметті сайыскерлер! Сіздерге сәттілік! Сайысымызды бастаймыз.

Ендігі кезекте бұл сайыстың бағдарламасымен таныс болыңыздар!

**I. «Кім жылдам?» ойыны**

**Шарты:** Екі топ ойыншысы бір-бірден жалаушаны қолға алып, кегелдер арасымен жүріріп келеді. Жалаушаны келесі ойыншыға береді. Эстафета осылай жағаса береді. Қай топ бірінші болып аяқтаса сол топ жеңімпаз болады.

## 2. «Көңілді эстафета» ойыны

**Шарты:** Екі топ ойыншылары гимнастикалық орындықтан тепе-теңдік сақтап жүреді, сосын массаж кілемшесінің үстінен жүріп өтіп, кегелді айналып қос аяқтап секіріп қайтады.

## 3. «Дәрумендерді, жинап ал!» ойыны

**Шарты:** екі топтан бір ойыншы жүгіріп шығып жерде жатқан жемістердің біреуін алып шелекке салады да, жүгіріп қайтады, келесі ойыншылар дәл осылай қайталайды. Қай топ бірінші болып жинап бітірсе, сол топ жеңімпаз болады.

Жеңімпазды анықтайық қанекей,

Әділ - қазы сайысты әділ бағалар,- деп, сайысымыздың шарттары бойынша қорытынды шығарып жеңімпаздарды анықтап, марапаттау үшін, сөз әділ - қазы алқаларына беріледі.

1-оран "Сұңқар" тобы жеңіп алса, ал  
2-оран "Ақпай" тобы жеңеді! Барлық  
қатысушыларға марапаттама қағаз беріңіз!

Көрсетті міне өз өнерін балалар,  
Сайыстың да соңы жетіп таянар  
Дені сау, мықты, епті, ақылды  
Спорт сүйгіш боп өсіндер, балалар!

Мінеки балалар, бүгінгі сайысымыздың соңына да келдік.

## АНЫҚТАМА

2020 жылы 26 қараша күні «Балдырған» тобында топ тәрбиешілері мен медбике қатысуымен «Шынықсаң шымыр боларсың» эстафеталық сайыс өткіздік. Сайысқа 14 бала қатысты. Сайыс III-кезеңнен тұрды. Екі команда болды. Сайысқа балалар белсене атсалысты. Барлық балаларды мақтап-мадақтап, мақтау қағаздарымен марапаттадық.



№9 «Балауса» бөбекжай-балабақшасы МҚКК

# «Біз ептіміз, күштіміз!» эстафеталық сайысы

«Балдырған» тобы

Дайындағандар:

топ тәрбиешісі:

Медбике: Нургалиева Г.

Дене тәрбиесі нұсқаушысы: Құтжанова Н.

2020-2021 оқу жылы

Верішешің: Досың —

**Тақырыбы:** «Біз ептіміз, күштіміз!» эстафеталық сайысы

**Күні:** 6.11.2020ж

**Мақсаты:** Салауатты өмір салтын ұстануға баулу. Спортқа деген қызығушылығын арттыру.

**Міндеті:** Балаларға негізгі қимыл түрлерін меңгерту;

Балалардың икемділігі мен ептіліктерін, шапшаңдылық қабілеттерін дамыту.

**Өтілетін орны:** Спорт алаңы.

**Көрнекілігі:** шарлар, кедергілер, гимнастикалық орындықтар, шеңберлер, шелек және жемістер, ысқырық

**Жүру барысы:** Құрметті тәрбиешілер және балалар, Бүгін сіздер мектеп

алды даярлық «Балдырған» тобында өтетін «Біз ептіміз, күштіміз!»

**эстафеталық сайысын** тамашалауға жиналып отырсыздар! Сонымен сайысты бастауға рұқсат етіңіздер!

Қош келіпсіз, бүгінгі көрерменім

Жиналып отырсыздар топтардың өнерлерін

Сергітер деп ойлаймыз, бүгінгі кеш

Тамашалап отырсаңыз спорттық бөлімдерін.

- Сайысты бастамас бұрын, сайысымызға әділ баға беретін әділ - қазылар алқасымен танысайық. Әр кезең сайын әділ - қазылар өз бағасын береді.

Балабақша мұздық меңгерушісі М. Муберекәте

Ізденері: А. Досманова

Ана: Ешмуратова Айнур анағашы

Салауатты өмір салтын сақтаңыз,

Жаттығудан ешқашан да қашпаңыз.

Бала бақша балалары

Парасатты, айбынды,

Болыңыз сіз сегіз қырлы, бір сырлы.

**Топпен танысу**

- «Ептілер» тобы

**Топтың ұраны:** Спортпен достас, жалқаулықпен қоштас.

**Тоғжан:** Спорт – көркі өмірдің,  
Спорт - досың, серігің.  
Жаттықсаң шымыр боларсың,  
Шынығып, өсіп, толарсың

- «Күштілер» тобы

**Топтың ұраны:** Спорт, спорт, спорт, денсаулыққа пайдалы.

**Медина:** Спорт – сенің серігің,  
Жанға дауа, қолға күш.  
Серітетін адамды,

Қимыл менен қозғалыс.

- Құрметті сайыскерлер! Сіздерге сәттілік! Сайысымызды бастаймыз.

Ендігі кезекте бұл сайыстың бағдарламасымен таныс болыңыздар!

### 1. «Кім жылдам?» ойыны

**Шарты:** Екі топ ойыншысы бір-бірден жалаушаны қолға алып, кегелдер арасымен жүріріп келеді. Жалаушаны келесі ойыншыға береді. Эстафета осылай жағаса береді. Қай топ бірінші болып аяқтаса сол топ жеңімпаз болады.

### 2. «Көңілді эстафета» ойыны

**Шарты:** Екі топ ойыншылары гимнастикалық орындықтан тепе-теңдік сақтап жүреді, сосын массаж кілемшесінің үстінен жүріп өтіп, кегелді айналып қос аяқтап секіріп қайтады.

### 3. «Дәрумендерді, жинап ал» ойыны

**Шарты:** екі топтан бір ойыншы жүгіріп шығып жерде жатқан жемістердің біреуін алып шелекке салады да, жүгіріп қайтады, келесі ойыншылар дәл осылай қайталайды. Қай топ бірінші болып жинап бітірсе, сол топ жеңімпаз болады.

Жеңімпазды анықтайық қанекей,  
Әділ - қазы сайысты әділ бағалар,- деп, сайысымыздың шарттары бойынша қорытынды шығарып жеңімпаздарды анықтап, марапаттау үшін, сөз әділ - қазы алқаларына беріледі.

*Бас нұсқа "Зинтілер" табына*  
*2-орын: "Құштілер" табына берілгені.*

Көрсетті міне өз өнерін балалар,  
Сайыстың да соңы жетіп таянар  
Дені сау, мықты, епті, ақылды  
Спорт сүйгіш боп өсіңдер, балалар!

Мінекей балалар, бүгінгі сайысымыз өз соңына жетті, келесі кездескенше сау-саламатта болыңдар!

## АНЫҚТАМА

2020ж 25 қараша күні «Балапан» тобында, 26 қараша «Балдырған» тобында топ тәрбиешілері мен медбикенің қатысуымен «Біз ертіміз, күштіміз» атты эстафеталық жарыс өткіздік. Сайысқа барлық бала қатысты. Екі команда болды. Жарыс III-жезеңнен тұрды. Балалар сайысқа жарыс атсалысты. Сайыс қызықты өтті. Екі топты да мақтау қағаздарымен марапаттадық.



1-сайыс



2-сайыс



№9 «Балауса» бөбекжай балабақшасы

Тексерілді  
18.03.2021  
Дүйсенбаева

## **«Ұрпақ ұлттық ойынмен шыңдалады»**

атты спорттық жарыс

«Балдырған» тобы

Дене тәрбиесі нұсқаушысы: Н.Н.Құтжанова

Наурыз, 2021ж

## Білім беру саласы: Денсаулық. Дене шынықтыру

### Тақырыбы: «Ұрпақ ұлттық ойын мен шыңдалады»

#### Сабақтың мақсаты:

1. Қазақ халқының ұлттық ойындарын балаларға кеңінен таныстыру, үйрету;
2. Ұлттық ойындарды дене шынықтыру оқу қызметінде кеңінен қолдану;
3. Жас ұрпақты өздігінен білім деңгейін көтеруге үйретіп өзін-өзі тәрбиелеуге, өз жерін, өз елін қорғайтын ұлтжанды бүлдіршіндерді тәрбиелеуге дағдыландыру;

Дене тәрбиесі нұсқаушысы: Құрметті тәрбиешілер! Бүгінгі «Ұрпақ ұлттық ойын мен шыңдалады» атты спорттық сайысымызға қош келдіңіздер!

Мектеп алды даярлық «Балдырған» тобын ортаға шақырамыз.

Ұранымыз: «Ура» деген ұранды біз тастаймыз,

Жарысымызды ал енді бастаймыз.

Ал, құрметті халайық,

Жарысты енді көріңіз,

Әділ қазы алқасы,

Әділ баға беріңіз

-дей отырып әділ қазы алқасын таныстырып өтейік:

Бағабаршыа мекершісі Ш. Муберекова

ата-ана: Төлепберген Жансая

#### Ұлттық ойын түрлері:

##### 1. «Күш сынаспақ» ойыны

Шарты: Ойын үстел үстіяде екі баланың білек сынасуымен орындалады. Кім білекті столға жықса сол бала жеңіске жетеді.

## **2.«Хан талапай» ойыны**

Шарты: Ойын отырып ойналатын ойын. Ойынға 4-5 қыз бала қатысады. 10-15 асық алынады, ішінде ең ірісін қыз түске бояп, хан етіп сайлайды. Ойыншылар бір-бірден асық үйіріп, өз кезектерін анықтайды. Алғашқы ойыншы қос уыстай ұстаған асықтарды ортаға шашады. Хан алшы түссе, бәрі тарпа бассалады. Егер хан алшы түспеген жағдайда, ойыншы асықтардың бүгі мен бүгін, шігі мен шігін, алшысы мен алшысын, тәйкісі мен тәйкісін бір-біріне ұрып бір-бір асықтан алады. Егер байқамай басқа асыққа тигізсе ойын шарты бұзылады. Ойынды келесі оныншы жалғатырады.

## **3.«Асық ату» ойыны**

Шарты: Ойынға 4-5 ер балалар қатысады. Ойыншылар шеңбер ішіне асықты бір сызық бойына қойып. Алыстан сақамен көздеп лақтырып, асық ұтып алады. Егер дәлдей алмаса ойыншы келесі ойыншы жалғастырады.

## **1. «Қыз қуу» ойыны**

Шарты: Ойынға бір ұл бала мен бір қыз бала қатысады. Ұл бала атпен шауып қыз баланың қолынан ұстаса, сол бала жеңіске жетеді.

## **2. «Әтештер қақтығысы» ойыны**

Шарты: 4-5м шеңбер сызылады. Екі ойыншы оң қолдарымен оң аяқтарын ұстап, бір аяқпен секіріп иық тіресіп бір-бірін шеңберден ығыстырып шығаруға тырысады.

## **3. «Аламан бәйге» ойыны**

Шарты: Барлық ойыншы ат үстінде бір сызық бойында тұрады. Белгі бойынша ат жарысты бастайды, мәреге бірінші жеткен ойыншы жеңіске жетеді.

## **4. «Арқан тартыс» ойыны**

Шарты: Ойыншылар екі топқа бөлінеді. Арқанның екі жағынан екі топ белгі бойынша өз жақтарына тартады, қай топ жеңсе, сол топ жеңіске жетеді.

Бүгінгі балалармен ұйымдастырылған «Ұрпақ ұлттық ойынмен шыңдалады» - атты спорттық сайысымыз соңына жетті. Ал енді әділ-қазы алқасы өзінің әділ шешемін шығарып, балаларды марапаттауға кезек берейік.

Осымен сайысымыз өз мәресіне жетті, келесі кездескенше аман-сау болыңыздар!

2021 жылдың наурыз айында ересек «Балдырған» тобында өтілген «Ұрпақ ұлттық ойынмен шыңдалады» атты спорттық сайысқа АНЫҚТАМА.

Мақсаты: балаларға ұлттық ойындарымызды таныстыру, ойнатып көрсету, үйрету. Бұл сайысқа 16 бала қатысты, екі команда болды, 6 – ұлттық ойын ойнатылды, балалар ойынға қызыға атсалысты.



«Ханталапай» ойыны



«Аламан байге» ойыны





«Қыз қуу» ойыны



«Күш сынаспақ» ойыны



«Арқан тарту» ойыны

Сайыс соңында жеңіске жеткен жеңімпаздарды мадақтап марапаттадық. Ұлттық дәстүрімізді ұлықтайық деп шашу шаштық.



№9 «Балауса» балабақшасы

1-май

# АТА-АНАМЕН ЖҰМЫС

Тақырыбы: «**Әкем, анам және мен –  
біз спорттық отбасымыз**»

Өткізген: Дене тәрбиесі нұсқаушысы  
Құтжанова Нұрсәуле

2021 жыл

Бейнеушесі  
Күн

## «Әкем, анам және мен – біз спорттық отбасымыз» атты спорттық іс-шара

**Білім беру саласы:** Денсаулық, Таным.

**Бөлімі:** Дене шынықтыру.

**Мақсаты:** 1. Келешек ұрпақты отансүйгіштікке, қазақстандық патриотизмге тәрбиелеу;

2. Моральдық, ерік-жігерлілік қасиеттерін дамыту.

3. Ойын ережелерін білу және ойын барысында өзін-өзі басқара білуге үйрету.

**Құрал-жабдықтары:** текшелер, шағын доптар, шығыршықтар, қапшықтар, орындықтар, гимнастикалық таяқшалар, үрленген доп, кегельдер.

Армысыздар қонақтар, балалар және спорт сүйер қауым! Бүгінгі ел Тәуелсіздігінің 25 жылдық мерекесіне арналған «Әкем, анам және мен – біз спорттық отбасымыз» атты спорттық іс-шарамызға қош келдіңіздер!

Тәуелсіздік күні мерекесі халқымыздың сан ғасырлар бойғы азаттық жолындағы күресінің, сол жолдағы көрген азаптары мен қиыншылықтарының жадымызда жаңғырып, 25 жылда жеткен жетістіктеріміздің айшықты көрінетін мейрамы. Сондықтан да бұл күні Тәуелсіздік жолындағы арпалыстың азапкерлері мен қаһармандары ойға оралатыны сөзсіз. Тәуелсіздіктің кезекті жылдығын атап өту бізге ең алдымен той тойлау үшін емес, ой ойлау үшін керек. Тәуелсіздіктің тайғақ кешулі жолында алдымыздан шығатын асу-асу белдер де болады. Ұлттың ұлан асуында ұйытқи соғатын желдер де болады. Сол асу-асу белдерде белімізді талдырмауымыз керек. Сол ұйытқи соғатын желдерде ұлы мұраттарымызды ұмыт қалдырмауымыз керек. Нағыз Тәуелсіздікке қиын істе тәуекелге бара алатындардың ғана қолы жетеді.

Тәуелсіздіктің біздің бәрімізге артар міндеті мол. Енді еңселі ел болудың жолына шындан түсуіміз керек. Әулетіміздің асуы да, дәулетіміздің тасуы да өз қолымызда.

Елтаңбасы елімнің,  
Ортасында шаңырақ.  
Мемлекеттік туымнан,  
Күн шығып тұр жарқырап.  
Әнұраны елімнің  
Шарықтасын көгінде.  
Береке, бірлік, ынтымақ  
Сақталып мәңгі елімде. (Әнұран орындалады)

- Жаттығу биі «Барбарики»
- «Буги-буги» биі
- Гимнастикалық би

Іс-әрекет кезеңдері	Нұсқаушының іс-әрекеті	Балалардың іс-әрекеті
Мотивациялық-қозғаушылық	<p>Бір қатарға сапқа тұру. Амандасу. Бір қатар тізбекпен жүру. Секірулер: -баскетбол себетіне қол жеткізу; -тізені жоғары көтеріп; -аяқты артқа лақтырып; -Аяқтарын айкастырып секіру;</p>	<p>Педагогтің нұсқауын орындайды.</p>
Ұйымдастырушылық- ізденістік	<ol style="list-style-type: none"> <li>1. «Мерген» ойыны. Шарты: тігінен қойылған нысанаға допты лақтыру.</li> <li>2. «Басында қапшығы бар» ойыны. Шарты: бастарына құм толтырылған қапшықшаны қойып жүру.</li> <li>3. «Допты басқа ойыншыға жеткіз» ойыны. Шарты: екі топ екі тізбекке тұрады. 15-20м қашықтыққа жалауша ілінеді. Әр топтан бір-бірден доп ұстаған топ мүшесі жалаушаға дейін жүгіріп барып, жүгіріп қайтып, допты екінші ойыншыға жеткізеді.</li> <li>4. «Қапшықпен секір» ойыны. Шарты: қапшықтың ішіне кіріп, жалауша тұрған жерге дейін секіріп барып, секіріп келеді.</li> <li>5. «Арқан тартыс» ойыны. Шарты: Екі команда арқанның екі жағынан ұстап, ортадағы белгіленген сызықтан бір команда келесі команданы тартып шығарса жеңіске жетеді.</li> <li>6. «Капитандар жарысы» ойыны. Шарты: әр топтың капитандары күш сынасады.</li> </ol>	<p>Сайысқа қатысушылар бірінің артына бірі тұрып кезекпен берілген тапсырманы орындайды.</p> <p>Қауіпсіздік ережесін сақтайды.</p> <p>Әр ойынның соңында қорытындысы шығарылады.</p> <p>Балалар жылдамдық танытып сайыста жеңіп шығуға тырысады.</p>

Рефлексиялық-түзетушілік	Жарыстардың қорытындысы шығарылады. Әділ-қазылар алқасы жеңіске жеткен командаларды марапаттайды.	Жарысқа қатысушылар бірін-бірі құттықтайды.
--------------------------	--	---

**Күтілетін нәтиже:**

*орындайды:* Отбасылы команда болып тапсырмаларды;

*түсінеді:* ойын шарттарын;

*қолданады:* секіру, допты лақтыру, заттарды жылдам алып жүру сияқты дағдыларын;

Денсаулық-басты байлық өмірдегі,

Нәр беретін асыл ғой көңілдегі.

Салауатты өмір салтын насихаттап,

Атанайық жақсы азамат өңірдегі.

Еліміздің болашағы дені сау азаматтардың қолында. Денсаулықтың кепілі салауаттылық. Салауатты өмір салтын сақтап, болашағымызды сәулендірейік! «Толағай» отбасылар сайысы осымен тәмамдалады. Белсенділік танытып, тамашалағандарыңыз үшін көп-көп рахмет



Арқан тартыс



Допты жеткіз



Қаппен секіру



Қапшықты басқа қойып жүру



Кім мерген



Командаларды жүлделі орынмен марапаттау кезі

